



# Жыңғылдар кітабы



Тамаша ертекші Уолт Диснейдің есімі елге мәлім. Оның таңқаларлық мультфильмдерінде романтика мен ерлік, жақсылық пен жамандық, қуаныш пен қайғы, әдемі әзіл мен жан жылуы қатар өріліп, елітіп әкетеді. «Алтын классика» сериялық кітаптар тамаша оқиғаларымен қоса көркем суреттерімен де көздің жауын алады. Кішкентай оқырмандар өздерінің сүйікті қаһармандарымен бірге сиқырлы әлемге тап болып, таңғажайып құпияларды ашады.



ЖЫҢҒЫЛДАР КІТАБЫ



АЛТЫН КЛАССИКА

ЭГМОНТ

ISBN 978-601-7411-02-2



9 786017 411022



сельмой  
лепесток




# Жеңгилдар кітабы



ЭГМОНТ





Бір күні Үндістан жерінің қалың ну орманында қара қабылан Багира өзенге батып бара жатқан қайықты көреді. Қайықтың ішінде себет, ал оның ішінде адамның баласы жатыр екен. Багира жас сәбиді қасқырдың үйіріне әкеледі. Осылайша қасқырлар отбасында Маугли деп ат қойған адам баласы өсіп жатады.



Маугли өзінің ағайындары деп санайтын бөлтіріктердің арасында өсіп жатады, арада күн артынан күн жылжып он жыл өтеді. Қасқыр мен оның шуланы оны туған баласындай, тіпті онан да зор жақсы көреді, өйткені ол бәрінен де ерекше еді. Маугли де оларды құрмет тұтатын. Багира да жиі келіп тұратын. Ол Мауглидің өз отбасында өмір сүріп жатқанына қуанатын, алайда, ерте ме, кеш пе, бала есейіп, адамдарға қайтіп баратынын түсініп налитын.





Бірде түнде қасқыр үйірінің ақсақалдары кеңеске жиналып, арлан Акела орманға қаһарлы Шер-Хан жолбарыс оралғанын хабарлайды. Мауглидің өсіп, күндердің күні аңшы болып, қолына мылтық алып өзіне оқ атпасына кім кепіл деп күдіктенген Шер-Хан оны қалайда өлтіруді мақсат қылады. Ақсақалдар кеңесі Маугли өзінің және үйірдің қауіпсіздігі үшін жыңғылдан кетуі керек деп шешті. Багира баланы ауылға, адамдарға қайтарып берем деп ұсыныс жасады.








Жолда Багира Мауглиге түсіндіре бастады:  
- Мен сені сен сияқты адамдар тұратын ауылға апарамын. Саған орманда қалуыңа болмайды, өйткені Шер-Ханның жемі боласың.

- Жыңғыл – менің туған үйім! – деп қарсылық білдірді Маугли. – Мен бұл жерден ешқайда да бармаймын. Мен өз қамымды өзім ойлаймын!





Қараңғы түскен кезде жолдан шаршаған Багира мен Маугли биік ағашқа өрмелеп шығып, ұйқтауға бекінді. Қара қабылан көп ұзамай, жапырақ арасында жасырынған жыланды байқамай ұйқтап қалды.

- Адамның баласссссссы! – деп аждаһа жылан ысылдап, ұзын сүйір тілін сыртқа созды. – Қан-н- дай дәмдіііі!

Маугли өзімен-өзі қалғысы келіп еді, ысылдаған жылан мазасын алып жіберді.

- Кет әрмен! – деп ашуланды ол, жылан ызаланып, Мауглиге көзін қадап арбай бастады.




Жылан баланы өзінің арбауымен есеңгіретіп тастап, оның денесін айнала шырмап, буындыра бастады. Бақытына орай, Багира оянып кетті. Қас-қағым сәтте не болғанын ұғып, қара қабылан жыланға оқтай атылып, жаншып жіберді. Ол құрбанын жіберуге мәжбүр болды.


Таңертең Багира мен Мауглиді қорқынышты гуіл оятып жіберді. Аяқ астынан жер солқылдап кетті.








Бірнеше секунд өтпей жатып, кернейлетіп басшысы Хатхи бастаған піл үйірі жандарынан өте шықты. Шеру әскери салтанатты еске түсірді. Пілдің бәрі, тіпті сап соңындағы пілдің баласы да қатар түзеп, адымдарын нық басып келеді.







**Осы көрініске Маугли таң қалып қарап қалған.**  
**- Сәлем! – деді ол сап соңында келе жатқан пілдің баласын қуып жетіп. – Сендермен бірге барсам бола ма?**  
**- Әрине, - деп жауап берді пілдің баласы. – Тек көп сөйлеме. Қатарда әңгімелесуге болмайды!**



**Маугли төрт тағандап, піл сияқты жүруді байқап көрді. Алайда, осы кезде Хатхи сапқа бұрылып, кері қарай жүруді бұйырды. Жалғыз Маугли ғана бұйрықты естімей қалды. Ол алға адымдай беріп еді, кенет ТАРС етіп өзінің жаңа танысы, пілдің баласына маңдайын ұрып алды!**









Сонан соң, қатар түзеу байқауы басталды. Пілдер еттұмсықтарын алға қарай көтеріп, сап түзеді, сосын Хатхи оларды санай бастады.

- Сенің тұмсығыңа не болған? – деп Хатхи қабағын түйді де Мауглиді жоғары көтерді.
- Мәссаған! Мынау адамның баласы ғой!
- деп түнере айғай салды.
- Енді сені қайтеміз?!

- Баланы жібер, ол менімен бірге жүр! – деді Багира Хатхиге. – Мен оған ауылдағы адамдарға апарам деп уәде бергенмін!








**Бірақ Маугли Багирамен ауылға барғысы келмегенін айтып қарсылық білдірді. Ол жыңғылда қалғысы келді.**

**- Ендеше солай ма? – деп қаһарына мінді қара қабылан. – Онда өзің жалғыз қал! Білгеніңді істе!**

**Бала кеудесін кернеген шаттық сезіммен жыңғылдың ішінде жападан-жалғыз сап түзеп кете барды.**







Ол бостандықта құлашын кеңге сермеп күні бойы серуендегенімен, кешке қарай шаршап қалғанын сезіп, шалғынға отыра кетті. Мызғып алайын деп көзін жұмғаны сол еді, кенеттен оның жалғыздығын жүні жалбыраған дәу аю бұзып жіберді. Балу атты аю ақ пейілді болып шықты, осылайша ол Мауглимен жақсы дос болып кетті.





Бірде Балү Мауглиге жүзуді үйретпек болды. Аю суға арқасымен жатып, толқында шайқалды, ал, бала оның қарнына мініп алып қызықтап жүр.

- Әй, бала, сенен де тым жақсы аю шығады екен! – деп көзін қысты Балү.

Мауглиге оның жаңа досы өте ұнады. Онымен жүрген уақыттың бәрі қызықты өтіп жатты, осының бәрі керемет көңілді еді!







Ойламаған жерде олардың тыныштығы бұзылды. Қайдағы бір маймылдар шырмауықтардан асылып тұрып, Мауглиді ұстап алды! - Әй, сендер! Қане, жіберіңдер мені! – деп айғай салды ештеңеге түсінбеген бала, бірақ маймылдар оны ойыншық тәрізді бір-біріне лақтырып, жыңғылға алып бара жатты.





- Қәнеки, маған адамның баласын қайтарыңдар! – деп жағаға шыға салып қаһарын төкті Балу. Бірақ сайқымазақ маймылдар оған кокос жаңғақтарын жаудырып мазақтап Мауглимен бірге ағаштардың қалыңында көзден таса болды.





Маймылдар Мауглиді өз патшалықтарының ғибадатханасына алып келген еді. Олардың патшалары Луидың арманы адам болу екен. Ол Мауглиге от жағуды үйретуін сұрады, Луиге тек осы әрекет қана адамдарды хайуаннан ерекшелейтіндей болып көрінетін. Бірақ бала ұшқынды қалай жандыруды білмейтін де еді ғой...







**Балу мен Багира маймылдар Мауглиді қайда алып кеткенін анықтап, ғибадатханаға жасырынып келді. Баланы қалай құтқарсақ екен?**

**- Сен олардың назарын басқаға аудар, ал мен Мауглиді құтқарайын, - деп қара қабылан аюға тілек білдірді.**

Көп ойланбай, Балу маймыл болып киініп, ғибадатханаға басып кірді де, ән салып, билей бастады. Көңіл көтеруді жақсы көретін Луи патша оны қолынан ұстап алып, екеуі ортада дөңгеленіп билей берді.. Қалған маймылдар Мауглиді ұстап алып бірге билей бастады.









Осы уақытта Багира Мауглиді құтқаруға қанша тырысқанымен ештеңе өнбеді. Ол балаға жақындаған кезде, маймылдар бірінен соң бірі оны басқа жаққа алып кетіп отырды.





**Осы кезде сұмдық нәрсе болды. Балудың киімі Луи патшаның көз алдында ыдырап түсіп қалды!**  
**- Бұл аю! – деп айқай салды маймылдар. Ғибадатхананың іші дүрлігіп кетті.**





**Ғибадатхананың қабырғалары дірілдей бастады, Луи патша бағаннан мықтап ұстап алып, Мауглиді бір жаққа, Балу екінші жаққа қарай тартты. Луи бағанды қанша ұстанып тұрса да, Балу күштірек, әрі мықтырақ емес пе!**



Осы кезде ғибадатхана қирап, жоғарыдан ауыр тастар құлай бастады.

– Сауығымыз шектен асып кетті-ау деймін, - деді Луидің қармауынан Мауглиді жұлып алып шыққан Балу. Жымиып Багира баланы арқасына отырғызып, үшеуі жыңғылды тасалауға асықты.









Осы түні Мауглиді ұйқтатып тастап, Багира Балуға жыңғылда қалу – балаға өте қауіпті екенін түсіндіруге тырысты. Аю досынан айрылғысы келмегенмен, оны адамдарға апаруға келісті. Бірақ Маугли олардың әңгімелерін ұйқылы-ояу жатып естіп қойып, ертеңіне қайтадан қашып кетуге бел буды.




**Осы араға жақын  
жерде, өзінің  
ештеңеден хабары жоқ  
құрбанын аңдып Шер-  
Хан биік шөпті тасалап  
жатқан болатын...**





Бір кезде Шер-Ханның тура алдынан, қамыстың ішінен Хатхи бастаған пілдердің легі шықты. Багира шуды естіп, піл үйірінің басшысынан қашып кеткен Мауглиді табуға көмектесуін өтінді.







**Бәрі де Мауглиді іздеді, бірақ оны тапқан не деп ойлайсыз?**

**– Әрине, аждаһа жылан еді!**







**Жылан баланы көзімен арбап отырғанда, біреу оның құйрығының ұшын түртіп тоқтатты. Ол дауыстап:**

**- Қарсы болмасаң, сенімен сөйлесейін деп едім! Бұл Шер-Хан еді!**

**- Қандай тоссссссын ссссссыйлық! – деп күйіп-пісіп ысылдады аждаһа. Мауглидің өзінің қолында екенін білмегенін жөн көрген ол жолбарысқа түкке түсінбеген кейіпке аңтарыла қарады. Ол тәтті олжасынан қалай оңай айырылсын?!**





**Жыланның басы ағаштан  
салбырап көрінгенде:  
– Сен біреумен сөйлесіп  
отырғандай болып көріндің, -  
деді жолбарыс өткір  
тырнақтарын жайып жіберіп.  
– Қане, көрсет, олжаңды!  
Аждаһаның басқа амалы  
болмады. Құйрығын ағаштан  
салбыратып Мауглиді босатты.**





**Маугли шырмауықтың бойымен сырғып төмен түсті де қаша жөнелді.**

**Ол жыңғылда іші пысып отырған төрт тазқараға тап болды. Құстар оған тиісе бастап еді, бірақ баланың жалынышты, әрі жалғыз дығын түсініп аяп кетті, сосын онымен достасуды жөн көрді.**



Дегенмен жаңа достары  
Мауглимен ұзақ болған жоқ.  
Жақындап келе жатқан Шер-  
Ханның адымын ести сала,  
тазқаралар өз орындарынан  
ұшып, қауіпсіз жерге барып қонды.  
Қаһарлы жолбарыстан, Маугли  
қорқа қоймады.



**- Мен сенен қорықпаймын! – деп саңқ етті ол.**

**Басында Шер-Хан Мауглидің өжеттігінен сасып қалды. Жолбарыс өткір тырнақтарын алға жайып, тісін ақситып секіруге дайындалды.**







Осы кезде Мауглидің бақытына Балу пайда болды. Ол жолбарыстың құйрығына жабысты, ал тазқаралар баланы ұстап алып, әуеге көтерілді. Енді Шер-Хан оған жете алмайды! Жолбарыстың құйрығынан ұстаған аю:

- Маугли, өзінді құтқар! – деп жерден айқайлады.








Кенеттен аспан қарайып, найзағай жарқылдады. Жақын жердегі ағашқа аспаннан жай түсіп жана бастады. Тазқаралар ұшып келе жатып, Мауглиге Шер-Ханның қорқатын жалғыз нәрсесі – от екенін айтты.

- Мені төмен түсіріңдер! – деп айқай салды бала тазқараларға. – Мен Балуга көмектесуім қажет!





**Бала жанып жатқан бұтақты алып, жолбарыстың құйрығын тұтатып жіберді. Осы сәтте аспанда найзағай жарқ етті де, зәресі ұшқан жолбарыс жыңғылға жөңкіле жөнелді.**



**Маугли тізерлеп отырып жерде сұлық жатқан аюдың басын сүйеп:**

**- Балу, тұр деймін! Айналайын, тұршы! – деп жалбарынды. Найзағай күркіреуін тоқтатып, жауын себелеп жауып жатты.. Балу сол күйі қозғалыссыз еді.**






**Маугли басын аюдың төсіне қойып жылап жіберді. Осы кезде Балу көзін ашты.**

**- Ештеңе етпейді, бәрі жақсы, - деп жымыып, балаға көзін қысты. – Ал сен, балақай, жарайсың!**

**Маугли қуанғанынан секіріп, алақайлап досының мойнына асылды.**







Біраздан соң оларға Багира қосылды, сосын үш дос ауылға қарай жол тартты. Бір кезде олар жағадан түсініксіз дыбыстарды естіді.

Бұтақтарды абайлап ашып:

- Қараңдар! Ана жерде не бар? – деп сұрады ол достарынан.





**Бұл бойжеткен болатын. Өзеннің жағасында тізерлеп тұрып, құмыраны суға толтырып, ыңылдап ән салып тұрған. Багира жымиды.**

**- Бұл - тап сен сияқты адам, - деп жауап қатты ол. – Сендер достасып та кетулерің мүмкін.**

**Маугли осы бір тамаша жанды жақсылап қарап алу үшін, жанына жақындап барғысы келді.**







Маугли қыздың құмырасын өз қолына алып ізеттілік көрсетті. Екі бала ауылға беттеді. Кішкентай қақпадан өтіп барып Маугли артына бұрылып, жымыды да, достарына қол бұлғады.

- Осы дұрыс болар, Балү, - деді Багира. – Енді Маугли өз жерінде адамша өмір сүруі қажет.

- Сенің айтқаның дұрыс болар, - деп күрсінді Балү қимастықпен. Осылайша бір-бірін жұбатып құшақтасқан достар, кері қарай жыңғылға бұрылды.



**Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитеті «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша шығарылды**

**Книга джунглей.**

**Золотая классика Уолта Диснея**

[Текст] / Пер. с англ. Ю.Чаровой. — М.: Эгмонт Россия Лтд., 2009. — 80 с., цв. ил. — 5000 экз. — ISBN 978-5-9539-3569-2.

© 2009 Disney Enterprises, Inc.

All rights reserved.

Название на языке оригинала: Best Classics – The Jungle Book

Перевод с английского Юлии Чаровой

Редактор Татьяна Пименова

Издательство «Эгмонт Россия Лтд.».

119021, г. Москва, Олсуфьевский переулок, дом 8, строение 6

Подписано в печать 04.02.2009. Объем 5 ф. п. л. Формат 72х90/16.

Бумага офсетная. Печать офсетная. Гарнитура «Прагматика».

Тираж 3000 экз. Заказ №

Издательский номер.

Отпечатано в полном соответствии с качеством предоставленного электронного оригинал-макета в ОАО «Ярославский полиграфкомбинат». 150049, г. Ярославль, ул. Свободы, д. 97.

ISBN 978-5-9539-3569-2

Кітап бастауыш және орта мектеп оқушыларына арналған

**ЖЫҢҒЫЛДАР КІТАБЫ**

Алтын классика Disney

Редакторы: Мақпал Мыса

Қазақ тіліне аударған: Әсем Қойшиева

Корректоры: Құралай Мысаева

Беттеген: Арман Мақсұтов

Басуға \_\_\_\_\_ қол қойылды. Пішімі 72х90/16. Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс. Гарнитура «Прагматика». Шартты баспа табағы 5. Таралымы: 3000 дана. Тапсырыс № \_\_ . Баспа нөмірі \_\_\_\_\_

ISBN 978-5-353-06043-7

УДК 087.5

ББК 28.1

«Седьмой лепесток» ЖШС

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Қонаев көшесі 1

Тел.: +7 (727) 273-59-06, 273-59-07 (сату бөлімі)